

ІЗГІЛЕНДІРУ ҰСТАНЫМЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН БАСҚАРУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ

Дүйсенбаева Гүлдана

«Білім берудегі менеджмент» ББ II курс магистранты,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор - Мұханбетжанова А.У.

Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы білім беру саясатының басты бағыты осы ізгілік ұстанымдарына негізделі отырып оқу процестерін ұйымдастыру жағдайларына қол жеткізу болып отыр. Осы мақсатта еліміздегі «Жайлы мектеп» стратегиялық жобасы іске қосылды деуге болады. Осылайша, білім беру менеджментінде «оқу үдерісін ұйымдастыруды қатаң қадағалау» позициясынан «білім алушылардың қауіпсіздігі мен ішкі жайлы күйіне қол жеткізу» позициясына ауысуы мемлекеттік деңгейде стратегиялық мақсатқа айналғандығының басты белгісі.

Ізгілікті ұстаным негізінде білім беру үдерісін ұйымдастырудың мынадай басты компоненттері бар. Жалпы білім беретін мекемеге ізгілік ұстанымдарын енгізу үшін мектеп әкімшілігінен оқу орнын басқарудың бірқатар жаңа түрлерін қолдануды қажет етіледі:

1. Мектеп әкімшілігінің оқу процестерін басқарушы, қадағалаушы функцияларының түбегейлі өзгеруі. Ізгілік ұстанымдары енгізілуі үшін мектеп әкімшілігі өз функцияларынан түбегейлі бас тарта алуы керек болады. Өйткені, ізгілік ұстанымдарына негізделген білім беру жүйесінде мектеп әкімшілігінің басты функциясы-оқушының дамуына және мұғалімнің шығармашыл білім бере алуына түрткі болатын жағдай жасау. Ізгілік ұстанымдарына негізделу үшін ең алдымен жалпы білім беретін мектептің әкімшілігі дайын болуы тиіс.

2. Мектептегі барлық бағыттағы ұйымдастыру шаралары мен қабылданған шешімдер демократиялық принциптерге сүйенуі. Ізгілік ұстанымына негізделген білім беру жүйесінде оқу процесіне қатысы бар барлық тараптардың мүдделері мен құқықтары құрметтеледі, өзара санасу жасалады. Сол үшін мектеп әкімшілігінің қабылдаған барлық шешімдері мен мектептің барлық жоспарлары бастауыш сынып оқушылары мен олардың ата-аналарымен тең коммуникацияға негізделі отырып санасу арқылы қабылдануы қажет етіледі. Сонымен қатар бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру үшін мектептің ішінде өзін-өзі басқару жүйелерін құрудың маңыздылығы арта түседі.

Дәстүрлі ұстаным негізінде ұйымдастырылған білім беру жүйесінде екі қатысушы тараптар бар, ол-педагогикалық ұжым мен объектілер, яғни оқушылар. Аталмыш ұстаным бойынша ұйымдастырылған басқару жүйесінде мектептегі барлық процестерді ұйымдастыратын, басқаратын және атқаратын ол мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер (педагогтар). Бұл топтағы білім беру жүйесіне қатысушыларды субъектілер деп атауға болады. Субъектілер білім беру процестерін ұйымдастырып, жүзеге асырады, ал оқушылар тобы, яғни білім алушы объектілер тек тыңдаушы ролін атқарып, белсенділігімен көзге түсе бермейді.

Бір-бірте қоғамдық заңдылықтардың өзгеруіне орай білім беру жүйесіне жаңашыл талаптар қойыла бастады. Ол бойынша еркін ойын жеткізе алатын, сыни ойланатын, креативтілік пен шығармашыл белсенділігімен көзге түсетін, ең бастысы өз бетінше білім іздене алатын жауапкершілігі мол тұлғаны қалыпатстыру қажеттілігі туындады. Осындай қоғамдық сұраныстың өзгеруіне байланысты жалпы орта мектептегі білім беру үдерісін ізгілік ұстанымы негізінде ұйымдастырудың алғашқы қадамдары да жасалды.

Ізгілік ұстанымына негізделген білім беру жүйесінде барлық білім беруші тарап та, білім алушы тарапта процестің субъектілеріне айналып, барлық тараптардың құқықтары мен міндеткерліктері бірегейлене түсті.

Білім беру жүйесінде ізгілік ұстанымына негізделген басқару тетігінің белгілі бір өзіне тән тұжырымдамалары бар. Сол тұжырымдаманың ең алғашқысы-білім беру жүйесінің

барлық қатысушыларының құқықтары мен мәртебесі тең атты концепция. Аталмыш концепция бойынша мектептегі түрлі процестерді ұйымдастыру жүйесінде үш басты қатысушылар бар (сурет-1). Ол қатысушылар оқу процесінде өзара қарым-қатынасында бұйрық беру мен қадағалау стильдеріне негізделген коммуникация орнатпай, ортақ мәмілеге келу, диалог құру іспеттес демократиялық қарым-қатынас формаларын қолдану ұсынылады.




Сурет-1. Бастауыш білім беру жүйесіндегі оқу процесіне қатысушы тараптар

Ізгілік ұстанымына негізделген білім беру жүйесінде оқу процесіне қатысушы тараптардың өзара байланысқа түсу қағидаттары да бар. Сол қағидаттарға жеке-жеке тоқталсақ:

1. Барлық тараптардың тең құқылы диалогқа түсу қағидаты. Мектеп әкімшілігі педагогикалық ұжым мүшелеріне бұйрық беру, қадағалау, тапсырмаларды жүктеу іспеттес басқару формаларын қолдану қатаң тыйым салынады. Сол сияқты мұғалімдер мен педагогтар да білім алушы оқушыларға ұрысу, шектеулер жасау, қорқыту іспеттес психологиялық зорлық-зомбылық құралдарын қолдануына болмайды. Бұл ескірген коммуникация немесе ықпал ету формаларының орнына өзара тең деңгейлі диалогқа түсу, өзара мәселелерді талқыға салу, консенсус негізінде проблемаларды шешу тәсілдері қолданылады.

2. Оқу процесінде қатаң қадағалау формаларын толық алып тастау және оның орнына сенім білдіру қағидаты. Мектеп әкімшілігі оқу процесін жүзеге асырушы мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне сенім білдіреді және мұғалімнің кәсіби іс-әрекеттеріне араласпайды (көп жағдайда). Сол іспеттес мектеп мұғалімі де бастауыш сынып оқушысының білімге деген ынтықыласына, өз бетінше ізденімпаздық қасиеттерінің белсенділігіне сенім білдіреді және оқу процесін толық, әрі түбегейлі қадағалауда ұстай бермейді. Оқу процесінде қадағалаудың орнына өзара қолдау көрсету шаралары жүргізіледі.

3. Бірлесіп басқару қағидаты. Ізгілік ұстанымына негізделген білім беру жүйесін ұйымдастыруда оқу процесінің барлық тараптарының мүдделері мен құқықтары ескерілетіндігі айтылды. Сол үшін бастауыш сыныпта оқу процесін ұйымдастыру мен басқаруға қатысты қабылданатын барлық шешімдер оқу процесіне қатысушы барлық тараптармен кеңесе отырып қабылданады (сурет-2).



Сурет - 2. Ізгілік ұстанымына негізделген білім беру жүйесінде оқу процесіне қатысушы тараптардың өзара байланысқа түсу қағидаттары

Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесіне қатысты зерттеулер басты екі бағытта жүргізілгендігі анық болды:

- бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастырудың негіздерін қалыптастырған ғалымдардың теориялық және практикалық зерттеулері.

- бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесіне қатысты шетелдік және отандық зерттеулерді қазақстандық білім беру шынайылығына бейімдеу мен осы қағидаттардың ережелерін сақтаудың жолдарын зерттеген авторлар.

Алдымен, бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесінің негізін салған шетелдік классикалық-фундаменталды тұрғыдан зерттеген ғалымдардың еңбектері мен зерттеу бағыттарына тоқтала кетсек:

-тұңғыш рет оқу процесі адам мен адамның мұқтаждықтарын қағанаттандыруға бағытталуы керек деген концепцияны ұсынған ғалымдар-Карл Роджерс пен Абрахам Маслоу болды. Аталмыш екі ғалым білім беру адамға бағытталған принциптерге сүйену керек деген тұжырымдаманы қорғады және алғаш рет ғылыми айналымға енгізді. Алдындары адам білім беру процесіне бейімделіп, сүйену керек деген тұжырымдамаларға негізделе отырып оқу процесі ұйымдастырлса, осы екі автордың негіздеуімен дүниеге келген гуманистік психология ілімінің қадам басуымен білім беру процесін ұйымдастыру негіздері түбегейлі өзгере бастады.

-оқу процесінде мұғалім мен оқушы арасында қарым-қатынас иерархиялық, автоиртарлы басқару стиліне сүйенбей, оның орнына оқушы мен педагог арасында ізгілік ұстанымдарына сүйенетін білім беру үдерісін құру тұжырымдамасын ұсынған авторлардың бірі-Селестен Френе болды. Автор тұңғыш рет білім беру үдерісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастырудың формаларын ұсына білді.

Жоғарыда аталған үш автор білім беру процесінге ізгілік ұстанымдары не үшін маңыздылыққа ие, неге керек деген сұрақтарға жауап іздестіріп, бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастырудың философиялық фундаментін құрастырды және бұл үш ғалым –зерттеушілер классикалық негіздеуші ғалымдар қатарына енеді.

Келесі кезекте бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастырудың модельдерін ұсынған шетелдік және отандық ғалымдар топтамаларына тоқтала кетсек:

Бірінші кезекте бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастырудың маңыздылығын зерттеген авторларға алма-кезек тоқталсақ:

-білім беру процесі тек жаттанды оқуға, материалды иеленуге бағытталмауы керек деген тұжырымдамамен алға шыққан, сонымен қатар оқу үдерісіндегі ең маңыздысы-баланың тұлға ретінде қалыптасуына оңтайлы жағдай қалыптастыру туралы, сонымен қатар «білім алушыларға бағытталған оқу кеңістігін құрудың» маңыздылығы туралы дәлелді зерттеулер жүргізген автор-Карл Роджерс болды. Ғалым, оқу процесінде мұғалім «басқарушы» ролден «ұйымдастырушы» роліне ауысудың қажеттілігін алға тартты.

-адамдардың барлық өмірлік мотивтерін оның қажеттіліктерімен байланыстыра отырып, қажеттіліктер пирамидасын құрған-Абрахам Маслоу. Ғалым мектепке келген баланың ең басты қажеттілігі-қауіпсіз кеңістікте оқу процесін ұйымдастыру мен сол оқу барысында баланың жетістіктері мен ұмтылыстарын мойындау, мадақтау деп атап өтіп, осы басты қажеттіліктер қанағаттандырылса, сонан соң ғана оқу үредісінде ізгілендіру ұстанымдары негізінде ұйымдастыру сәті жүзеге асырылатындығын айтқан автор Абрахам Маслоу болды.

Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мен мектептегі басқару мәдениетінің негізгі моделдерін ұсынған авторлар келесідей:

-мектептегі барлық процестерді ұйымдастыру білім алушының жеке ыңғайлылығына бағытталуы керектігін алға тарқан ғалым-Майкл Фуллан болды. Автор білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру жоғарыдан төменге қарай жүргізілмейтіндігін түсіндірген, мектеп ішлік жүйеде ең алдымен оқушымен-оқушы, оқушы мен-мұғалім, мұғалім мен мұғалім арасындағы коммуникациялық байланыстар ізгілендіру ұстанымдарына негізделгеннен кейін ғана мектептегі басқа да процестерді ұйымдастыруда гуманизация принциптерін қолданудың оңтайлы сәті туындайтындығын мәлімдейді.

-Мектептегі оқу процесінің жаппай немесе жалпылық қағидаттарын әбден сынаған шетелдік ғалымдардың бірі-Кен Робинсон болды. Ғалым білім беруші мекемедегі барлық үдерістер бір ғана бағытта жүргізілуі керектігін тәжірибелік түрде дәлелдеген. Ол бағыт-білім алушының мүдделері мен ыңғайлы ізденуі үшін жағдай жасау деп көрсетті. Сонымен қатар ғалым білім беру үдерісі оқушының шығармашылық пен креативтілік қасиеттерін дамытуды мақсат тұтуы керектігін айтқан. Ал, баланың креативтілік қасиеттерін еркіндікте және ізгілік ұстанымына сүйене отырып құрастырылған білім беру кеңістігінде ғана қол жеткізуге болатындығын айта кетейік.

-бүкіл білім беретін мекеме, біздің жағдайымызда мектептегі барлық кеңістіктер баланың дамуы үшін жұмыс істеу тұжырымдамасын «Реджио-педагогика» деп атайды. Бұл тұжырымдама бойынша білім беру кеңістігі-гуманизм мен баланың мұқтаждықтарына негізделуі толық алға тартылады. Аталмыш бағыттағы зерттеулерді ұсынған автор-Лорис Малагуцци болды. Аталмыш ғалым «менеджменттік орта» немесе «гуманистік менеджменттік кеңістік» атты ұғымдарды алғаш рет ғылыми айналымға енгізді.

-бастауыш сынып оқушысыларының арасында оқуға деген жігерлендіру стимулдарын қайта қарастыруды ұсынған авторлардың бірі-Альфи Кон болатын. Автор кіші сынып жасындағы балалардың білімін бағалау мен бақылау жүйесін қатты сынға алды және балаларды өзара салыстырып отырып бағалау-баланың психикасынақ жарақат әкелетін шешуші факторлардың бірі деген тұжырымдама айтты. Сонымен қатар балаларды бағалаудың дәстүрлі жүйесі ізгілік ұстанымдарына сәйкес келе бермейтіндігін мәлімдеді.

Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесіне қатысты қазіргі заманауи бағыттардағы зерттеушілердің кейбіреулеріне (бастыларына) тоқталайық:

-бастауыш білім беру үдерісінде оқушының да, мұғалімнің де (педагогтің де) эмоционалды интеллект деңгейін арттыру арқылы ізгілендіруші кеңістік қалыптастырудың мүмкіндіктері мен жолдары туралы зерттеген авторлардың бірі-Даниэль Гоулман болды. Ғалым, кез-келген білім беретін мекемеде барлық педагогикалық ұжым мүшелері, мектеп әкімшілігі, оқушылар мен ата-аналары толығымен дерлік эмоционалды интеллект деңгейін дамыту арқылы ғана бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мүмкіндігі туады деп санады.

-оқу процесінде оқушылардың қуануы мен шаттануы арқылы, яғни позитивті психология элементтерінің көмегімен бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастырудың жолдары мен тәсілдерін зерттеген авторлардың бірі-Мартин Селигман болды.

Осы жоғарыда аталған бірқатар фундаменталды және басты зерттеулердің негізінде білім беру менеджментінде соңғы жылдары «адамға бағытталған дизайн» немесе «адамға бағытталған басқару жүйесі» атты термин кеңінен қолданысқа ие бола бастады. Бұл басқару стилінің бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыруда маңыздылығы өте зор.

Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесіне қатысты ТМД мен қазақстандық ғалымдардың іздену жұмыстары келесідей бағыттарда жүзеге асырылды:

-«Ізгілікке негізделген педагогика» атты ғылыми тұжырымдаманың авторы, білім беру процесі баланың мұқтаждықтарына сүйенуі керек деген түсініктерді ұсынған ғалым-Шалва Амонашвили болатын. Ғалымның еңбегерін бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыруда кеңінен қолданудың әлеуеті өте кең.

-Оқу кеңістігін құрастыруда педагог(немесе мұғалім) баланы-құнды тұлға ретінде қарастырудың педагогикалық, психологиялық, философиялық маңыздылығы туралы идеялар ұсынған автор Василий Сухомлинский болып саналады. Автор, ғалымның іздену жұмыстары қазіргі таңдағы заманауи басқару тұжырымдамалары мен ұстанымдарының негізіне айналуы –бұл зерттеулердің маңыздылығын айғақтайды.

-білім беру саласында инновациялық және ізгілік ұстанымдарын өзара бірлестіре отырып, басқару жүйесін құрудың мүмкіндіктері мен жолдары туралы іздену жүргізген ғалым-Виктор Слободчиков болатын. Автор «ізгілікке және дамуға негізделген жобалық кеңістігі» деген тұжырымдаманы ғылыми айналымға ұсынды.

-орта мектептегі оқу және тәрбиелеу үдерістерін ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі мен педагогтар ең алдымен адами-ізгілік капиталдарын басшылыққа алуы қажеттілігін алға тартқан ғалым-Константин Ушинский болатын.

-білім беру мекемесінде, оның ішінде жалпы орта білім беретін мектепте ізгілікке негізделген бейімдік басқару жүйесін құрудың маңызы туралы тұжырымдаманың авторы-Павел Третьяков еді.

Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесіне қатысты ғылыми іздену жұмыстарын жүргізген отандық қазақстандық ғалымдарды қарастырсақ:

Шалва Амонашвилидің ізгілікке негізделген педагогика орталықтары осы бағыттағы идеяларды таратумен айналыса отырып, белсенді түрде өз қымтеін жүзеге асырып келеді.

-Қазақстандағы бастауыш білім беруде сапалық нәтижелерге қол жеткізу үшін гуманистік және ізгілік ұстанымдары негізінде оқу процесін ұйымдастыру мен басқару тетіктері туралы бірқатар оңтайлы ғылыми іздену жұмыстарын жүргізген отандық ғалым-Асқарбек Құсайынов болды. Ғалым салыстырмалы педагогика тәжірибелерін қазақстандық білім беру шынайылығына бейімдеудің жолдарын іздестірумен табысты түрде айналысып келеді.

-бастауыш білім беру жүйесінде балалардың қажеттіліктерін және басты фундаменталды мұқтаждықтарын құндылық ретінде орталыққа қою арқылы оқу процесін ұйымдастырудың шетелдік тәжірибелерін қазақстандық білім беру жүйесіне енгізудің басты ерекше қағидаттарын зерттеумен айналысып келетін ғалым-Күләш Шәмшидинова болды.

-Қазақстан аумағындағы білім беру саясатының басты бағыттары және осы саясаттың нәтижелік көрсеткіштері, оқу процесінде ізгілік пен гуманизмге негізделген кеңістік құру шарттарына қатысты зерттеулер жүргізген автор-Жауынбай Қараев болды.

Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесіне қатысты іздену жұмыстарының басым көпшілігі келесідей үш басты мемлекеттік саяси мәселелермен байланыстыра отырып жүзеге асыру талпыныстары жасалуда:

-ұлттық құндылықтарды оқушылардың бойына баули түсу.

-жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасының мазмұны мен ережелерімен сәйкестендіру.

-бастауыш оқушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз етуші оқу кеңістігін қалыптастыру.

Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесін түрлі аспектілермен сәйкестендіру арқылы зерттеулер жүргізетін авторлар мынадай:

-қазақстандық бастауыш білім беру жүйесіне инновациялық басқару тәсілдерімен бір қатарда гуманистік ұстанымдарды енгізудің тетіктерін қарастырған ғалым-Айгерім Мыңбаева болды.

-Қазақстандағы білім беру жүйесінің аясында балаларды тәрбиелеуде ізгілік ұстанымдары мен рухани және адамгершілік элементтерінің ұлттық бастаулары туралы еңбектер жазған, Мағжан Жұмабаевтың зерттеулеріне қазіргі таңдағы бірқатар ізденушілер де сүйенетіндігін атап кеткен жөн болар.

-Педагогикалық саланы басқару тетіктері, оның ішінде оқыту процестерін ұйымдастыруда оқушылардың (білім алушылардың) жеке тұлғалық құндылықтарын ескеру және ізгілік ұстанымдарына сүйену туралы ғылыми іздену жұмыстарын табысты, әрі оңтайлы жүргізген қазақстандық ғалым-Светлана Пузикова болатын.

-бастауыш білім беру жүйесін гуманизациялау туралы ғылыми тұжырымдар ұсынған отандық ғалым-Гаухар Санай.

-білім беру жүйесінде, оның ішінде бастауыш білім беруде баланың тұлғалық қасиеттерін ізгілік ұстанымдар негізінде дамытудың жолдары мен инновациялық тәсілдері туралы бірқатар зерттеулер жүргізген ғалым-Қарақат Нағымжанова.

-бастауыш білім беру жүйесінде оқу және тәрбиелеу процесін ұйымдастыруда толеранттылық, өмірлік тәжірибе, өнегелі өмір, рухани құндылық пен ізгілік ұстанымдарына сүйену арқылы білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу мен гуманистік қағидаттарды жүзеге асыру мүмкіндіктері туралы жан-жақты теориялық зерттеулер жүргізген қазақстандық көрнекті автор-Д. А. Мацок болды.

-Қазақстандағы бастауыш білім беру жүйесінде түрлі процестерді ұйымдастыру мен басқаруда ізгілік ұстанымдарына сүйену, баланы құндылықты принциптерге баулудың маңыздылығы туралы ғылыми ізденулер жүргізген автор-Рабиға Изғұттынова болды.

- бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастырудың тетіктері, принциптері, тұжырымдамалары туралы зерттеулер жүргізген ғалым-С.М. Нұрбекова еді.

Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесіне қатысты шетелдік және отандық ғылыми-зерттеу бағыттары мен мектептеріне тоқталсақ:

Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесіне қатысты ең алғашқы ғылыми-зерттеу мектебіне-классикалық-фундаменталды бағыттағы зерттеулер жатады.

Бұл бағыттағы мектептерге мыналар енеді:

-Вальдорф мектебі немесе Штайнер педагогикасы. Бұл бағыттағы мектеп бойнда бастауыш білім беру жүйесі баланың даму қарқыны мен гуманистік ұстанымдарға мән бере отырылып, ұйымдастырылады. Бастауыш мектептегі оқу кеңістігі-отбасылық рухтағы орта құру арқылы жүзеге асырылады.

-Монтессори мектебі. Бұл мектеп бойынша бастауыш білім беру жүйесі баланың өз-өзіне білім беру кеңістігін құру үшін жағдай жасалады. Оқу процесі ізгілік ұстанымдарына сүйенеді, сонымен қатар бастауыш сынып оқушысы өзінің оқу кеңістігін өзі басқарады.

-Реджио-Эмилия мектебі. Бастауыш білім беру жүйесі демократиялық және ізгілікті ұстанымдарға сүйене отырып ұйымдастырылады және мектептегі мұғалім мен оқушы және оның ата-анасы белгілі бір қауымдастықты құру арқылы, тең-қарым-қатынас негізінде оқу процесі жүзеге асырылады.

Қазақстандық мектептер:

-Назарбаев Зияткерлік мектебі. Бастауыш білім беру жүйесінде оқу процесін ұйымдастыруда құндылықты және білім алушыға бағытталған стандарттар мен ұстанымдарды интеграциялау. Аталмыш мектепте бастауыш білім беру жүйесінде ізгілікті (гуманистік) ұстаным негізінде ұйымдастыру мақсатында сабақты мұғалім мен оқушының бірлесіп жоспарлау үдерісі алға тартылады.

-Мирас халықаралық мектебі. Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мақсатында оқушылардың білімін бағаламай, баланың жеке қасиеттеріне назар аудару іспеттес тәсілдер қолданылады.

-«Жайлы мектеп» жобасы аясында. Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мақсатында балалардың сабақтан шалдығуын алдын алу үшін арнайы демалыс бөлмелерін ұйымдастыру, оқушының білімін бағалауда мотивациялау (жігерлендіру), гуманистік инфрақұрылымға негізделген оқу процесін құру, балаларға шектеулердің аздығы т.с.с шаралар жүргізіледі.

Бастауыш білім беру үрдісін ізгілендіру ұстанымы негізінде ұйымдастыру мәселесін зерттеумен айналысатын заманауи бағыттар:

-бейімдей отырып басқару бағыты. Бастауыш білім беру жүйесінің барлық үдерістерін мектеп әкімшілігі мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының талаптарына сәйкес әрдайым бейімдеп, құбылтып, әрі өзгертіп отыра алуы.

-Well-being менеджмент. Бастауыш білім беру жүйесіндегі оқу және тәрбиелеу процесінтерінің барлығын мектеп мұғалімі мен оқушысының жеке бас ыңғайлылығына сәйкестендіре отырып, ұйымдастыру мен басқаруды айтады.

-Демократиялық басқару. Бастауыш білім беру жүйесіндегі барлық оқу және тәрбиелеу үдерістеріндегі маңызды шешімдер мен іс-әрекеттерге оқушылар немесе олардың мүддесін қорғайтын ата-аналарын араластыру, мектеп әкімшілігі өз бетінше басқару шараларын жүргізбеу.

Бүкіл әлемдік деңгейде білім беру процесін балалардың мұқтаждықтарына және баланың ыңғайлы сезінуіне бағыттау іспеттес жаңашылдықтар қарқыны жоғарылай бастағаны байқала түседі. Балалардың құқықтарын қорғау, балаларға қамқоршылық принциптерімен қарым-қатынасқа түсу, баланы қоғамның басты құндылығына айналдыру іспеттес үдерістер кеңінен таралуда. Осындай әлемдік тенденциядағы өзгерістерге қазақстандық білім беру жүйесі сәйкестену үшін Баланың өмір сапасын мониторинг жасау құрылғылары ресим түрде енгізіле басталды. Енді жалпы білім беретін мектептегі ұйымдастыру және басқару шараларының оңтайлы жүзеге асырылуы баланың оқу үлгерімі сапасымен ғана дәлелденбейді. Бұдан былай сол мектептегі балалардың оқу ортасында немесе білім беру кеңістігінде өзін қалай сезінуіне немесе өзін ыңғайлы, әрі қауіпсіз сезінуіне байланысты білім беру процесі бағаланатын болды.

Білім беру саясаттарындағы реформалармен бір қатарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға инклюзивті оқу кеңістігін ұйымдастыру қажеттіліктері де қоғамдық талаптардың бірі екендігі мәлімделді және осы бағыттағы шаралар оңтайлы жүзеге асырылу істерін бастап та кетті. Бастауыш білім беру саласында оқушылардың барлығының дерлік мұқтаждықтарын есепке ала отырып, оқу кеңістігін құрастыру-білім беру саласының менеджментінің алдына да қойылатын талаптарды өзгерте бастады. Енді, білім беру кеңістігі ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды да ескере отырып ұйымдастыру шарттары қойыла бастады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сулейменова А.Х., Игисенова А.Р. Білім берудегі білімді ізгілендіру және қоғамдық пәндер. – Алматы, 2018.
2. Нурашева Г.С., Искалиева А.Б., Койгельдина Б.Ж., Карагойшина Г.Ж. Бастауыш білім берудегі педагогикалық технологиялар. – Астана, 2018.
3. Таубаева Ш.Т. Дидактика и менеджмент образования. А., 2021 г.
4. Амонашвили Ш.А. Гуманно-личностная педагогика (еңбектері) – гуманистік оқыту технологиясының негізі.

7. ҚР Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС).
8. Lesson Study өткізу жөніндегі Нұсқаулық (НЗМ Педагогикалық шеберлік орталығы -А., - 2020г.